


## АКВАРЕЛЬ ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША МАСТЕР-КЛАСС

2019ж. 1 қарашасында ҚазБСҚА Сәулет факультетінде Сәулеттік графика және композиция пәні аясында акварель техникасы бойынша мастер-класс өтті.



Студенттер сабақтарына TiannArt-Алматы курс жетекшісі Татьяна Ким шақырылды. Шығармашылық, формалды емес жағдайда бірінші және екінші курс студенттері алдын ала сызылған қасбеттің фрагментінде мастер-класс жетекшісінің нұсқаулығымен А3 форматында акварельді қағазда жаттығулар орындады.

Т. Кимге және TiannArt-Алматы мектебіне мазмұнды және қызықты мастер-класс үшін алғысымызды білдіреміз.

**Аға оқытушы, Онищенко Ю. В.**